

Педагогикалық кеңес № 7
«Колутон ауылының жалпы орта білім беретін» КММ-нің
«Негізгі мектепті 9 сынып оқушыларымен, орта мектепті 11 сынып
оқушыларымен аяқтау туралы»

Өткізу күні 15 маусым 2026 жыл

Өткізу форматы офлайн

Ұзақтығы: 90 минут

Қатысқандар – 13 мұғалім

Қатыспағандар-0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Негізгі және орта білім беру курсы үшін қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері
2. 9,11 сынып оқушыларын еңбекке орналастыру туралы.
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша негізгі және орта білім беру курсы үшін қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы мектеп директоры тыңдалды: Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құжаттарына сәйкес негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын меңгерген білім алушылар қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өтті. Қорытынды аттестаттау 9-сынып оқушылары үшін бітіру емтихандары, ал 11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары түрінде ұйымдастырылады. Аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушылардың білім деңгейі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес бағаланды. Қорытынды бағалар емтихан нәтижелері мен оқу жылы ішіндегі тоқсандық және жылдық бағалар негізінде қойылады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес және 9-сынып білім алушыларының қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері негізінде 2025–2026 оқу жылында негізгі орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламасын толық меңгерген және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан сәтті өткен 9-сынып түлектері негізгі орта білім курсы аяқтады деп есептелсін. Олар: Кокенов Диас, Кокенова Дильназ, Мәжит Ерхан, Мусулканова Даяна, Набиев Дидар, Сайлауова Дильназ, Байсеитов Арнат, Сахапов Алмаз, Набиев Серикболсын, Жильгелдинова Ясмина, Балгабаев Ильяс. Қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері білім алушылардың оқу бағдарламаларын табысты меңгергенін көрсетті. Аттестаттау қорытындысы бойынша тиісті талаптарды орындаған түлектерге негізгі орта білім туралы немесе жалпы орта білім туралы аттестаттар берілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту

министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, 11-сынып білім алушыларының жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын толық меңгеруі және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан сәтті өтуі негізінде 2025–2026 оқу жылында жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасын толық меңгерген және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткен 11-сынып түлектері жалпы орта білім беру курсына аяқтады деп есептелсін. Олар: Ахболатқызы Қарақат, Досмағамбетова Жансая, Асанов Асан, Сергазин Ален.

Екінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды: 9, 11-сынып түлектерін еңбекке және оқуға орналастыру туралы: 9 және 11-сынып түлектерін одан әрі оқуға және еңбекке орналастыру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат берді. Анықталды: 9-сынып түлектерінің бір бөлігі 10-сыныпта оқуын жалғастырады; бір бөлігі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына құжат тапсырады; 11-сынып түлектері жоғары оқу орындарына, колледждерге түсуге немесе еңбек қызметіне орналасуға ниетті.

Үшінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы талаптарының орындалуы туралы. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығының орындалу барысы туралы хабарлама жасады. Мектепте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының талаптарын орындау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Педагогтер бұйрықта бекітілген міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес құжаттаманы белгіленген нысандар бойынша жүргізеді. Оқу жылы барысында педагогтердің құжаттарды дұрыс рәсімдеуі мен уақытылы толтыруына бақылау жасалып, әдістемелік көмек көрсетілді. Құжат жүргізу барысында артық есептілікке жол берілмей, педагогтердің қызметіне қатысы жоқ құжаттарды талап етуге жол берілген жоқ. Электрондық журналды уақытылы толтыру, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды әзірлеу, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алу және басқа да міндетті құжаттарды жүргізу жұмыстары қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес жүзеге асырылды. Жүргізілген бақылау нәтижесінде педагогтердің құжаттаманы жүргізуі №130 бұйрық талаптарына сәйкес екендігі анықталды. Алдағы уақытта да педагогтердің құжаттарды жүргізу сапасын арттыру және нормативтік құжаттар талаптарын сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады. Педагог қызметкерлер бекітілген құжаттардың тізбесін қатаң сақтап, құжаттарды белгіленген нысандарға сәйкес жүргізуді қамтамасыз ету. Нормативтік-құқықтық актілерде көзделмеген артық есептілікке жол берілмесін, міндетті құжаттардың уақытылы және сапалы толтырылуы тұрақты бақылауда ұстау. Әкімшілік тарапынан педагогтердің құжат жүргізу сапасына тұрақты мониторинг жүргізілсін және №130 бұйрық талаптарының орындалуы бақылауда ұстау.

Шешім:

1. Негізгі орта білім курсы аяқтаған түлектерге белгіленген үлгідегі негізгі орта білім туралы аттестаттар берілсін. Жақсы үлгерім көрсеткен білім алушылар марапатталсын. Жалпы орта білім беру курсы аяқтаған түлектерге белгіленген үлгідегі жалпы орта білім туралы аттестаттар берілсін. Сынып жетекшісі: білім алушылардың жеке істеріне тиісті жазбаларды енгізісін; аттестаттарды беру туралы құжаттаманың дұрыс рәсімделуін қамтамасыз етсін. Жалпы орта білім беру курсы аяқтаған түлектерге белгіленген үлгідегі жалпы орта білім туралы аттестаттар берілсін.
2. 9 және 11-сынып түлектерін одан әрі оқуға және еңбекке орналастыру жұмыстарын бақылауға алу. Сынып жетекшілеріне түлектердің оқу орындарына түсуі және жұмысқа орналасуы туралы мәліметтерді жинақтап, мектеп әкімшілігіне ұсыну тапсырылсын. Түлектердің оқу және еңбекпен қамтылуы жөніндегі қорытынды ақпарат белгіленген мерзімде дайындалсын. Осы мәселе бойынша жұмысты үйлестіру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының талаптарын орындау жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын. Педагог қызметкерлер бекітілген құжаттардың тізбесін қатаң сақтап, құжаттарды белгіленген нысандарға сәйкес жүргізуді жалғастырсын. Артық есептілікке жол бермеу, педагогтердің міндетті емес құжаттарды талап ету фактілерін болдырмау қамтамасыз етілсін. Әкімшілік тарапынан педагогтердің құжат жүргізу сапасына тұрақты мониторинг жүргізілсін. Осы мәселе бойынша бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  А.Аксеитова
Хатшы  А.Нуртаева

